

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарына
13-қосымша

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бақанас мектеп - интернаты» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер

Құрылыстың типі (типтік жоба, ыңғайластырылған, өзге) білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Материалдық-қаржылық активтердің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі), материалдық активтерді жалға алу туралы мәлімет	Меншік үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, нақты мамандықтар, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және спорт залдары), әлеуметтік-тұрмыстық (өткізу пункттерінің, санитариялық тораптардың болуы (унитаздар, қол жуғыштар), білім беру ұйымының үй-жайларында және іргелес жатқан аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтеру құрылғыларымен және баспалдақтармен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу), тұру үшін жағдай жасау.	Жалпы алаңы (м ²)
1	2	3	4
Типтік жобада ыңғайластырылған. Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылы	Дене шынықтыру пәні бойынша оқу бағдарламасы оқу жылы ішінде бағдарлама	Оқу корпусының ғимараты 3 қабаттан тұрады. Онда 15 оқу кабинеті, акт зал, оқулықтарды сақтауға арналған кітап қоймасы, 1 дәрігерлік кабинет бар. Су орталықтандырылған жүйеге қосылған. Оқу корпусы ғимаратының 3 қабатында	4054,73 м ²

<p>ауылы, Байшіков көшесі №6 а</p>	<p>бөлімдерін оқытудың бірізділігін анықтайтын ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 1- 11 сыныптар аралығында аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды. Оқу бағдарламасы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дене және психикалық денсаулығын нығайтуға уәждемесін (мотивация) арттыруға, білім алушылардың арнайы спорттық (спорттық-спецификалық) қимыл дағдыларын меңгеруіне және дене қабілеттерін дамытуға бағытталған. Осы</p>	<p>да ішкі дәретханалар бар. Қазіргі таңда метепте – 117 оқушы білім алуда. Мектепте оқу бір аусымда жүрзіледі. Барлығы 11 сынып комплектісі бар. 2010 жылы лингафонды мультимедиялы, биология кабинеттері интербелсенді тақталармен жабдықталып пайдалануға берілген. 2022-2023 оқу жылында жаңа үлгідегі химия модификациялық кабинетпен қамтылды. Бағасы 9 млн теңге. Информатика, лингафонды мультимедиялы кабинеттер кең жолақты ғаламтор желісіне қосылған. Жылдамдығы 100 мбит/с. Бір балаға шаққанда компьютер саны әр балаға бірден тиеді. 2022 оқу жылында жаңа үлгідегі химия модификациялық кабинеті келді. Кабинет толыққанды сабаққа қажетті құрал- жабдықтармен, көрнекіліктермен жабдықталған. Физика кабинетінде практикалық сабақтардың өтуіне зертхана жабдықтары жоқ. Тек оқу жиһаздарымен және қабырға стенділерімен ғана жабдықталған. 2021-2022 оқу жылында 17 645 000 теңгеге материалдық техникалық қор жаңартылды. Оқушыларға арналған оқу парталары орындықтарымен, мұғалім үстелі орындықтарымен жағартылды. Әр оқу кабинетінің тақталары жаңартылды. Акт залына жаңа креслолар, жатақхананың ішіндегі кино залдарға екі теледидар, асхананың үстел орындықтары, жатақхана дәлізінің, бөлмелерге кілемшелер, асханаға шыны ыдыстар, тоңазытқыштар, кір жуатын машина, киім үтіктеуге арналған үтіктер, шаңсорғыш, 5 жылжымалы тақта, акт залына музыкалық аппаратура толық жабдықтарымен, ауыз су ішуге арналған диспенсерлер, төсек жапқыштар алынды. Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылында жаңа</p>	
--	--	---	--

	<p>жоғарыда көрсетілген бағдарламаны жүзеге асыру үшін 1-11 сыныптар аралығындағы дене шынықтыру пәнін «Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік мекемесімен сабақтар кестесіне сәйкес келісім шарт жасай отырып, сабақтар өткізілуде, яғни мектептің өз меншігінде жеке спорт залымыз жоқ.</p>	<p>модификациялық химия кабинеті келіп, пайдалануға іске қосылды. Жалпы құрылыс көлемі 4054,73 м² Жаңа модификациялы кабинеттер саны -2. Біріншісі 2010 ж биология, екіншісі 2022 ж химия Интерактивті тақта саны екеу, биология, химия (2022 жылғы сенсорлы тақта) оқу кабинеттерінде. Оған қосымша проектор саны -3 Мектептегі компьютерлер саны – 118, 12 планшет жұмыс істейтіні – 95+12 интернетке қосылғаны – 60 1 оқушыға есептегендегі компьютер саны – 1 АӘТД кабинетінде: ВПХР құрал-1, ДП-5 құрал-1, ДП-22В құрал-1, ПМГ-1, ОП-1М-1, БЛ-1, жалпы қорғаныс костюмі (ОЗК), АК-74 макеті-1, ИЖ-38 мылтығы-1, әскери киім (комфляж полевой)-10, бас киім-10, берцы-6, әскери белбеу-10, әскери койлек-10, саптық алаң-1, кедергілерден өту алаңы-1, АӘТД кабинеті-1, қару жарақ сақтайтын бөлме-1, сейф-1, газтұтқыштар-30. Жатақхана ғимараты 3 қабатты. Жатақхананың 1 қабатында мед кабинет, 1 оқшаулау бөлмесі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен педагог ұйымдастырушысының кабинеті, кітапхана, ойын залы, киім ілуге арналған бөлме бар. Оқушыларға жуынуға арналған бөлмелер жатақхана ғимаратының әр қабатында орналасқан. Осы гигиена бөлмесінде кір жаюға арналған сушилкалар орналастырылған. Оған қосымша 1 қабатта душ бар. Жатақхананың 2 қабатында қыз балалар, 3 қабатында ұл балалар жатады. 2 қабатта 11, 3 қабатта 11 жатын бөлмелері бар. Барлығы 22</p>	
--	---	---	--

жатын бөлме. Онда орналасқан төсектер саны -120. 2 қабатта қыз балаларға арналған 3 кабиналы ішкі дәретхана, ал 3 қабатта ұл балаларға арналған 3 кабиналы ішкі дәретханалар жұмыс жасайды. Ішкі дәретханалардың жағдайы қалыпты. 2 және 3 қабатта оқушыларға арналған кино залы бар. Теледидарлар жұмыс жасап тұр.

Мектеп кітапханасының ауданы – 48,7 м²

Бақанас мектеп-интернаты МКМ-сінің кітапханасы жатақханада орналасқан. Мектеп кітапханасының жатақханада орналасуы оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарда келіп, қосымша сабақтарға дайындалып, материалдар қарап, кітаптар оқып, газет-журналдар оқып өз білімдерін шыңдайды. Кітапхана оқу залымен қосылған, орындықтар саны -20, үстел-10. Негізгі кітап қорына арналған оқулықтар тұратын қойма бар. Кітапхана 1 - компьютермен, 1-түрлі-түсті принтермен, мәтіналғымен, 5-ноутбуктармен жабдықталған. Ғаламтор желісіне қосылған, барлық заманауи жағдайлар жасалған.

Жалпы мектеп кітапханасының қоры : 4263

Оның ішінде : оқулықтар саны -2659

Көркем әдебиет саны –1600

Медкабинет саны – 2

Мектеп-интернатында 2 медициналық кабинет бар. Оның бірі оқу корпусында, екіншісі жатақханада орналасқан.

Мектепте 2 дәрігер 0,5 бірлікте және 3 медбике, асханада 1 диетбике жұмыс атқарады.

Оқу корпусындағы медкабинеттің материалдық қоры: жазу үстелі, орындықтар, киім ілуге арналған шкаф, дәрілерге арналған шкаф, кушетка және оқушыларға шұғыл медициналық көмек

көрсету үшін анафилактикалық шок бұрышы бар. Анафилактикалық шок бұрышында төмендегі дәрі – дәрмектер бар. Олар:

1. Натрия хлорид ертінісі
2. Преднизолон
3. Стерильді қолғаптар 3. Шприцтер 2,0; 5,0; 10,0; 20,0;
4. Спирт 70%
5. Стерильді мақта, тампондары
6. Жгут
7. Амбу қабы
8. Груша
9. Оттектелген жастықша және арнаулы маска
10. Тонометр
11. Фонендоскоп
12. Вазофикстер №16
13. Катетер Фоллея
14. Стерильді шпатель
15. Адреналин 0,1% 1мл
16. Хлоропирамин 0,2%
17. Допамин ерітіндісі 400 мг
18. Инфузияға арналған жүйе
19. Лейкопластрь

Сапалы ауыз сумен қамту мақсатында оқу корпусында -1, асханада-1, жатақханада-1, монша ғимаратында -1, барлығы 4 диспенсер қойылған. Оқушылардың ауыз су ішуіне байланысты әр балаға күнделікті жеткілікті стакандармен қамтамасыз етіледі. Жеке бастың гигиенасын сақтау мақсатында арнайы қол жуғыштар орнатылған.

Монша ғимараты

2017-2018 оқу жылының басында мектеп-интернатына монша салынып, пайдалануға берілді. Монша ғимараты екі қабаттан тұрады. Жобалық қуаттылығы 30 ұл балаға және 30 қыз балаға арналып екіге бөлінген. Монша ғимаратында 2 жылыту қазандығы бар. Оның бірі ғимарат ішін жылуға

арналса, бірі монша жаққанда су ысыту үшін арналған.

Монша ғимаратының ішінде оқушылардың шашын алуға арналған шаштараз бөлмесі бар. Онда аудандық білім бөлімінің келісім – шартына сәйкес аптасына бір рет монша алдында қажеттілігіне қарай оқушылардың шаштары алынып отырады. Сонымен қатар бұл ғимараттың ішінде кір жууға арналған (прачечный) бөлмелер бар. Онда 18 кг дық екі кір жуатын машина қойылған.

Мектеп асханасы

Мектеп оқушыларын тамақтандыру нысаны (асхана) – 1, оның ауданы – 448,43 м² орын саны – 160

Асханада Балқаш аудандық санитарлық бақылау басқармасының басшысымен бекітілген 2 апталық мәзір ілінген және осы мәзірден күнделікті ас мәзірі бекітіліп, арнайы ұяшыққа ілініп отырады. Оқушылар күнделікті 3 мезгіл ыстық тамақпен, 2 аралық (полдник) тамақпен қамтамасыз етілген. Тамақ сапасы бракераж комиссиясының бақылауымен тексеріліп отырады. Мектепте оқуға тартылған толық баланың тамақ ішуіне жеткілікті шыны ыдыстарымен қамтамасыз етілген. Атап айтқанда 1 –ші тамаққа -250 дана, 2-ші тамаққа 250 дана ас тәрелкесі, шайға арналған 250 дана кесе, 288 дана кружка, 252 дана ас қасығы, 252 шай қасығы, 252 дана шанышқы алынды. 2021 жылдың ақпан айынан бастап асханаға бөлінген қаражат сомасы 36172000 теңге. Тендер бойынша ұтып алған «Профснабпродукт» фирмасы асхананы азық – түлікпен қамтамасыз етеді. Асханада тамақ ісуге арналған үлкен зал, тамақ жасауға арналған

арнайы пештермен жабдықталған бөлек орын, ыдыс жууға арналған арнайы бөлме, мұздатқыштар тұратын, азық-түліктер: ет, сүт, көкөністер, кондитер, ұн-жарма сақталатын қоймалары бар. Асхана керек жабдықтармен толық жабдықталған, таза, кең, әрі жарық. Асхананың кіре беріс дәлізінде 5 қолжуғыш, 2 қол кептіретін жабдық орналасқан. Ыстық, суық су және таза су диспенсері бар. 1 реттік қолданылатын қағаз сүлгілері мен қол жууға арналған заттармен үнемі қамтамасыз етіліп тұрады. Асхана ішінде жеке ішкі дәретханасы бар. Асханада 160- орындық, 40 үстел бар. 1- үстелге 4 оқушыдан отырады. Асханада 9 персонал жұмыс атқарады. оның 1-і бас аспаз, 2-і аспазшы, 1- қоймашы, 1-диетбике, 4-і жұмысшы. Аспаздар екі күндік аусымда жұмыс жасайды.

Тамақ мәзірінде: түрлі салаттар, компот, әр түрлі шырындар, сүт және сүт өнімдері-айран, биос, йогурт, жеміс-жидектер күнделікті рационда беріліп тұрады. Ыстық тамақтарға малдың еті, құс еті, жармалар, көкөністер қолданылады.

Интернет желісіне қосылу жылдамдығы 100 Мб\с асатын Интернет. Edu.kz аймағында үшінші деңгейіндегі домендік атауы <http://bakanas-internat.balkhash.edu.kz>

Білім беру ұйымының үй-жайларында және іргелес жатқан аумақтарында бейнебақылаудың болуы. Оқу корпусында 16 бейне бақылау. Оның ішкісі-9, сыртқысы-7, асхана ғимаратында 4 бейне бақылау, жатақханада -6. Оның ішкісі-2, сыртқы-

		<p>4. Олардың барлығы Ішкі істер бөліміне орталықтандырылып қосылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтеру құрылғыларымен және баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу), тұру үшін жағдай жасалған. Олар ҰБДҚ енгізілген.</p>	
--	--	--	--

Мектеп-интернат директоры



Г.Мукумова